21745384815

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 19 қыркүйек № 1112-24-00-2/2717 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Г.М.Кубенов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талдықорған қалалық емханасы» ШЖҚ МКК

ЖАУАПКЕР:
«НҰРЛЫ-ҚАЗЫНА GROUP» ЖШС

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы;
2. тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы;

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 109, 117, 223-226, 267-2,267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талдықорған қалалық емханасы» ШЖҚ МКК жауапкер «НҰРЛЫ-ҚАЗЫНА GROUP» ЖШС-не сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер «НҰРЛЫ-ҚАЗЫНА GROUP» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «НҰРЛЫ-ҚАЗЫНА GROUP» ЖШС «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талдықорған қалалық емханасы» ШЖҚ МКК пайдасына 32 604 (отз екі мың алты жүз төрт) теңге тұрақсыздық айыбы, 978 (тоғыз жүз жетпіс сегіз) теңге төленген баж сомасы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Кубенов Г. М., 19.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 29.10.2024, судья Кубенов Г. М., 29.10.2024
1112-24-3-1/2739

Жауапкер «НҰРЛЫ-ҚАЗЫНА GROUP» ЖШС 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымын мемлекеттің пайдасына өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Г. Кубенов**

Құжатқа қол қойылған: Кубенов Г. М., 19.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 29.10.2024, судья Кубенов Г. М., 29.10.2024

1112-24-3-1/2739